

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі т мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Атбасар қаласы «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Ботақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: .</p> <p>Тура жолмен марш музыкасы ырғағымен жүруге, бұралаң жолмен жүгіруге, өзін-өзі айнауға жаттықтыру;</p> <p>-10 см қашықтықа қойылған тақтайлармен жүруді үйрету,</p> <p>-енеді жатқан тақтай үстімен еңбектеу дағдысын бекіту.</p> <p>-тура жолмен марш музыкасы ырғағымен жүруге, бұралаң жолмен жүріруге, өзінен-өзі айналауға жаттықтыру,</p> <p>едендегі тақтай үстімен еңбектеуге үйрету;</p> <p>-екі аяқпен алға қарай секіру дағдығысын бекіту;</p> <p>-педагогтің көрсетумен дамыту және сауықтыру жаттығуларын орындауға, қимылды ойындар ойнауға, ойын кезінде және жаттығу жасау кезінде жарактанудан қорғануға үйрету.</p> <p>-марш музыкасы ырғағымен жүруге, саптан бір-бір қатарға ауысып тұруға жаттықтыру,</p> <p>-сол қолмен тік орналасқан нысанаға лақтыруды үйрету;</p> <p>-10 см қашықтықта еденге қойылған тақтайлармен жүру дағдысын бекіту;</p> <p>- көрсетілген дамыту және сауықтыру жаттығуларын орындауға, қимыл ойындарын ойнауға, ойындар мен жаттығу орындау кезінде жарактанудан сақтануға үйрету.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Саптан бір бір қатарға ауысып тұру. Колонна бойымен тура бағытта марш ырғағымен жүру. Педагог ізімен бұралаң жолмен жүгіру. Тоқтау. Аяқтарын ауыстырып, өздерін айналу . Еңбектеу. Еденге тасталған тақтай үстімен еңбектеу. Қайталауы 2-3рет</p>

		<p>Денсаулықты сақтау технологияларын қолдану арқылы ден жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; ептілік, шапшандық, қозғалыс үйлесімділіктерін, белсенділіктерін дамыту; дене шынықтыруға деген сүйіспеншілік арттыру.</p> <p>Саптан бір бір қатарға ауысып тұру. Колонна бойымен тура бағытта марш ырғағымен жүру. Балалар бір бірінің артынан қатарға тұрады. Бірінші бала поровоз, қалғандары вагондар. Тыс алу жаттығу : «ішке дем тарту, демді сыртқа шығару»</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Тура бағытта жүру және жүгіру. Шағын топпен жүгіру, баяу жүру.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Кегль ойнауға үйрету. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдылар: Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және т.б.), кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап айтуға, дыбысын сөз ішінде анық айтуға үйрету.</p>

		<p>Дыбыстардың артикуляциялық позициясын дамыту. Отаны, отбасын сүюге тәрбиелеу. Мейрімділікке, әдептілікке тәрбиелеу. Тазша баламен танысу. Отан отбасынан басталатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерте отырып тіл мәдинетін қалыптастыру . Қыс мезгілі, қысқы ойындар, қысқы табиғат, қысқы еңбек жайлы түсінік бере отырып сызбаша бойынша суреттің мазмұнын құрауға, сөздерді байланыстырып айтуға үйрету.</p> <p>Шығармашылықты әңгіме құрастыруды жетілдіру. Картинадан нақты нысананы бөліп және оған ат қоя білуді, жұмбақ мазмұнын аша білуге үйрету. Монолог тілін дамыту; бөлініп алынған нысандарды сызба арқылы қосуды, олар жайында шығармашылықты әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру, зейіндерін, естерін, байқағыштықтарын, қиялдарын дамыту. Жаңа жыл мейрамы туралы түсінік бере отырып, сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> <p>Шырша сөзін қатыстырып сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру арқылы сөздік қорларын молайту.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>Мазмұндау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. Бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Үлкен», «кіші» түсініктерін, заттарды биіктігі бойынша салыстыру.</p> <p>Беттестіру және тұтастыру тәсілімен биіктігі бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра білуді қалыптастыру, «үлкен», «кіші» түсініктерін нақтылау.</p> <p>«Жуандығы бойынша екі бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыру.</p> <p>Беттестіру және тұтастыру тәсілдерімен жуандығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Екі бірдей және қарама-қарсы заттарды ені бойынша салыстыру»</p> <p>Беттестіру және тұтастыру тәсілдері мен көру арқылы екі бірдей және қарама-қарсы заттарды ені бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.</p>

		<p>«Өзіне қатысты кеңістік бағыттары: «оң жақта», «сол жақта», «оңға», «солға», «алдында», «артында», «алдынан», «артынан»</p> <p>өзіне қатысты кеңістік бағыттарының алғашқы түсініктерін қалыптастыру.</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру: Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: өлі табиғат нысандары- су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жазғы және күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі: Балабақшаның ауласындағы және маңайдағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалуы, күз мезгіліндегі (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы,) қоректену тәсілдері және қысқы дайындығы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету.</p> <p>Заттық әлем: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Менің -Отаным Қазақстан. Қазақстан республикасының бас қаласы – Нұр-Сұлтан туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы қалыптастыру.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту) туралы білімдерін қалыптастыру.</p>

<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу. Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);</p> <p>Сәндік сурет салу. Ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру Сюжеттік сурет салу Қарапайым табиғат құбылыстарын</p> <p>Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық- түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сюжеттік сурет салу Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру:</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау.</p> <p>Ән айту: Әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету</p>

		Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау
--	--	---